

is a judgment call. You don't want to drag on with unnecessary explanation, but try to help people understand what you're writing about. You want your ideas to spread right?

6. Break any of these rules sooner than saying anything outright barbarous.

This bonus rule is a catch all. Above all, be sure to use common sense. These rules are easy to memorize but difficult to apply. Although I've edited this piece a dozen times I'm sure it contains imperfections. But trust me, it's much better now than it was initially. The key is effort. Good writing matters, probably more than you think.

In formation of interest to a subject the huge role is played by the person of the teacher. Therefore a pledge of successful mastering English language by the pupils is professionalism of the teacher which should in the work not only take into account the methodical principles underlying teaching, but also to be in constant search of new receptions and means of teaching which will recover a lesson, will make it fascinating, cognitive and remembered.

References:

1. Interactive Methods Of Teaching English Through Literature, 2009.
2. Principles of Language Learning and Teaching. H. Douglas Brown, 2008.
3. <http://www.nadasisland.com/ghaith-writing.html#approaches>
4. <http://www.pickthebrain.com/blog/george-orwells-5-rules-for-effective-writing/>
5. http://www.ehow.com/info_12091700_four-effective-writing-strategies.html
6. http://www.ehow.com/info_8134312_effective-writing-techniques.html

ЖАҢАША ОҚЫТУ-ЖЕТІСТІК КӨЗІ

Суинбеков Адил Табанович
Тоқаева Рагуль Сулейменовна
Науырзым ауданы
Дәмді ауылы

Аннотация

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Аннотация

Во всём мире е поднимается вопрос, какое обучение приемливо для будущих потомков развитой страны. Перед нами стоит задача, чему должны обучаться учащиеся ХХІ, чтобы быть перспективным. В настоящее время в Казахстане ведутся работы национального контекста в высшем уровне.

Abstract

In the whole world in education system rising questions about what learning of education is suitable for future generation in today's world. Before us a task how learners will study in the 21 century to become long-range. Today in Kazakhstan works of national context are conducted in a higher level.

Түйінді сөздер: бала, мазмұнды, жаңартылған, білім, қабілетті, мақсат

Ключевые слова: ребенок, содержательный, обновленный, знания, цель, компетентный.

Keywords: A child, content, renewed, education, aim, capable

Былтырғы жыл 2016-17 жыл бастауыш сыныптар үшін әсіресе 1-сынып үшін үлкен өзгерістер жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізілуі.

Білім саласындағы ең нәтижелі бастамалардың бірі -жаңа мазмұндағы оқыту үрдісі.Мақсаты-бала дамуына түрлі әдіс-тәсілдерді шеберлікпен қолдана отырып,оқыту мазмұнына қойылатын талаптарды қалыптастыру.

Жаңартылған білім берудің мақсаты:кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру.

Осы орайда мектебіміздің педогогикалық ұжымы жаңартылған білім шеңберінде ауқымды жұмыс атқаруда.Оқу процесінде әсіресе бастауыш сыныпта жұмыс жасағандықтан ойын технологиясы арқылы баланың оқу ынтасын,қызығушылығын арттыру жеңіл де қызығырақ. Тәжірибелі ұстаз ретінд екездеген мақсатым шәкірттерімнің алған білімдерін практикамен ұштастырып, терең меңгеру арқылы білім деңгейлерін үнемі көтеріп отыруға ықпал жасау. Бүгінгі оқушы ел ертеңі, бәсекеге қабілетті болып өсуі шарт. Осы таңда тіршілік көзі – шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жұмысты үйретудің жолы-логикалық тапсырмаларға көбірек көңіл болу. Логикалық ойлау қабілетін дамыту оқушылар танымының қажетті әдістері мен тәсілдерін қажет етеді. Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш қуаты мен сенімін арттыру керек.Қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген дұрыс. Өз тәжірибемде логикалық тапсырмаларды беру баланың ақыл-ойын,қиялын, ой ұшқырлығын дамытатынына көзім жетті. Сонымен қатар топтық, жұптық, жеке жұмыстарда бірлескен жұмыс түрінде де ауызбіршілікпен жоба жасауға талпындырады. Жобалау әдістері арқылы ойша елестетеді,сол арқылы ойлау қабілеті арта түсетіні анық. Әсіресе, ұжыммен оқуда оқушылар ой шақыруға,пікірталас жүргізуге, мәтін бойынша бірлесіп сұрақ дайындауға да біраз төселіп алды.

21 ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жахандану жүйесіне көшуде. Оны жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор рөл атқарады. Алғашында дәстүрлі оқытудан сындарлы оқытуға тосырқай қарағанымызбен, қазіргі таңда тәжірибе барысында оқушы бойындағы оң өзгерісті байқадық.Бүгінгі күн талабы да сол баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру,өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.Осы жаңартылған білім беру аясында оқушыларды ойын арқылы қалай қызықтыра аламыз .

Ойын технологиясының көмегі қандай? деген сұраққа ойын дегеніміз-халықтың баланы әдептілікке, функционалдылық сауаттылыққа баулитын құралдардың бірі деп жауап берер едім. Оқушыларды математиканы оқытуға қызықтырып тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі,оқуға қызықтырудың басты шараларының бірі-ойын арқылы ынталандыру. Математикалық ойын-тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял қанат бітіретін ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі.[3, 76] Сондықтан математика сабақтарында ойын элементтерін неғұрлым жиірек пайдалансақ,соғұрлым сабағымыз қызықты тартымды өтер еді.Ал ауызша сабақтар үшін де тіліміздің дамуына да үлкен үлес қосары сөзсіз.Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмаларды өзінше зерттеп,орындау,өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы,өзіне сенімді,ерік-жігерлі,дүниетанымы кенейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан,болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.[1,46]Мұндай бала сабақта өзін еркін ұстап, өз ойын нақты жеткізе алатын,күнделікті оқуға құштарлығы бойынан байқалып тұрады. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі,осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі.Ойын-адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп білеміз.Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады.

Ал, жаңа технологияны меңгерудің қажетті шарттарының бірі-мұғалімнің кәсіптік білімін жетілдіру арқылы мектеп ұстаздарының шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сондықтан да бүгінгі мектеп мұғалімдерінің бойында шеберлік, шығармашылық қабілеттердің көрініс табуы мектеп оқушыларының терең білім алуының бірден бір факторы екені даусыз. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін

үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру,оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген.Былтырғы алғашқы болып біліктілікті арттыру мақсатында «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сынып пәндері бойынша тақырыбында курсты аяқтадым.Курсқа алғаш келген күннен бастап,көкейімізде жүрген көп сауалдардың жауаптарын алдық, жалпы білім беру мазмұнының өзгешелігімен,ерекшелігімен таныстық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мақсат –міндеттерін түсініп,осыған сәйкес педагогикалық тәсілдерді , білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуде критерийлікбағалау жүйесін қолдануды үйрендік.Тек танысып қоймайтәжірибе барысында іске асырдық.Мұғалімдердің сабақ беру үрдісінде негізге алатын 3 құжатпен-оқу бағдарламасы , оқу жоспары және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағымен жұмыс жасадық. Жаға бағдарламаны меңгерубарысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал етті.Осы әдіс- тәсілдерді бірден қызықты етіп меңгерте білген Қостанай облысы «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының әдіскері Нұржанова Раушан Молдабайқызына,және бейнелеу пәні бойынша өз ісінің маманы екенін көрсете білген Айдарбек Бәкіжан ағайға алғысымыз шексіз.Мұғалім жаңалықтың жаршысы,білім нәрін өзі айтып қана жүргізуші, ал оқушы тыңдаушы, дайын білімді тыңдап қайталаушы болады.Қазіргі таңда жаңашыл мұғалім рухани жағынан дамыған білікті маманға айналу үшін жаңартылған жүйемен білім алуы тиіс.Бір жылғы алған тәжірибемізді ортаға салу,тәжірибе бөлісу мақсатында өткен жылдың қараша айында «Білім беру мазмұнын жаңартудың ұйымдастыру-әдәстемелік аспектілері: проблемалар мен перспективалар» тақырыбында әдіскер Нұржанова Р.М басшылық етуімен курс өткізіп,өз ойымызды ортаға салып тәжірибе алмастырдық.Оқу барысында мен үшін бұл курстың маңыздылығы өте жоғары екендігін,яғни, бұл оқу маған үлкен жауапты міндет жүктеп отырғанын түсіндім.Қытай философы Конфу-цийдің «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын,көрсетсең –есте сақтаймын, өзіме жасатсаң –үйренемін» деген сөзін басшылыққа алдым.[4,25б] Иә,бұрынғы дәстүрлі сабағымның қазіргі таңдағы өткізіп жүрген жаңа форматтық сабағымның өзгешелігі көп.

Қорыта айтсам ,шәкірттерімнің ынтымақтастығы,әр тапсырма орындаған кездегі сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз идиасын қосуы,сабақ арасында өзін және бір-бірін қалыптастырушы бағамен бағалау, топтық, жұптық жұмыстар бір-біріне көмек бере отырып жұмыс жасау,кері байланыс жасай отырып алған білімдерін одан әрі жалғастыра еді.

Қазіргі заман талабына сай әр баланың қабілетіне қарай дарындылығын дамыту,білім бәйгесінде, дүбірлі жарыстарда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шәкірт шығару –ұстаздардың ерен еңбегінің жемісі.Жаңартылған оқуда ерекше атап өтетін сәуірдің 27-нен мамырдың 20-на дейінгі ең алғаш дәріс берген Өрлеу Педагогикалық шеберлік орталық әдіскері Раушан Молдабай қызының іскерлік шеберлігін ерекше атап өткім келеді себебі,ол кісіден алғанымыз,үйренгеніміз өте көп болды.

Сонымен қатар бейнелеу өнерінен дәріс берген Бәкіжан Айдарбек ағайдың өз мамандығының шебер екендігін бізге берген әдістері арқылы анық айқындауға болады.Алдағы уақытта әдіскер мұғалімдерге шығармашылық табыс тілейміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Учительская плюс газеті. 2017 ж 2 маусым
- 2.Учительская плюс газеті. 2018 ж 12 қаңтар
- 3.Бастауыш сынып журналы. 2017 4 сәуір
- 4.Білім беру бағдарламасын жаңартудың басымдықтары. 2016ж бағдарлама